

Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № ҚР ДСМ-45 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 24 сәуірде № 18581 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 68-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 22 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ-45 бұйрығымен
бекітілген

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау тәртібін айқындайды.

2. Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауды дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындауға тиісті лицензиясы бар, дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілер жүзеге асырады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) дәрілік препараттарды дайындау – дәріханаларда дәрілік препараттарды дайындаумен, фармацевтикалық қолдануға арналған фармацевтикалық субстанцияларды (активті фармацевтикалық субстанцияларды) сатып алумен, дайындалған дәрілік препараттарды сақтаумен, олардың сапасын бақылаумен, ресімдеумен және өткізумен байланысты фармацевтикалық қызмет;

2) медициналық бұйымдарды дайындау – дәріханаларда, медициналық бұйымдар дүкендерінде және оптика дүкендерінде медициналық бұйымдарды дайындаумен байланысты фармацевтикалық қызмет;

3) тиісті өндірістік практика – дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды өндіру кезінде өндірісті ұйымдастыруға, өндірістік процеске және бақылау жасауға қойылатын талаптарды белгілейтін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы ұлттық стандарт;

4) стерильдік дәрілік препараттар – тірі организмдердің болмауына стерильдеу үдерісінен өткен белгілі бір дәрілік нысандағы дәрілік заттар.

4. Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау Тиісті өндірістік практика жағдайларында өндірілген дәрілік субстанцияларды қоспағанда Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттардың негізінде жүзеге асырылады.

5. Дәріхана, медициналық бұйымдардың дүкені және оптика дүкені жағдайында дайындалатын дәрілік препараттарды және медициналық бұйымдарды дайындау технологиясы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопиясының жалпы баптарының, жеке фармакопиялық баптарының, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады деп танылған шетелдік фармакопиялардың, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Құрамында дәрілік препараттарды дайындау құқығы бар дәріханасы жоқ медициналық ұйымдарда дәрілік препараттарды дайындауға және (немесе) өлшеп-орауға, дәрілік препараттарды бір қаптамадан екіншісіне салуға, затбелгілерді ауыстыруға жол берілмейді.

2-тарау. Дәрілік препараттарды дайындау тәртібі

7. Дәрілік препараттар мынадай жағдайлар:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11465 болып тіркелген) Рецептiлердi жазу қағидаларына сәйкес рецептiлердi дұрыс жазу, жазылған дозалардың науқастың жасына сәйкестiгi қағидаларының, бiр жолғы босату нормаларының дәрілік препараттың құрамына кіретін ингредиенттер үйлесімділігінің сақталуы;

2) дәрілік препараттарды дайындау технологиясының сақталуы;

3) дәрілік препаратты тиісінше таңбалау мен қаптамалауды қамтамасыз ету;

4) пациентке дәрілік препарат туралы қарапайым түсінікпен, объективті ақпарат және олардың қолданылуы мен сақталуы туралы кеңес бере отырып, дәрілік препараттың тиісінше босатылуын қамтамасыз ету ескеріле отырып дайындалады.

8. Дәрілік препараттарды дайындау:

1) дәрігерлердің рецептiлерi бойынша;

2) медициналық ұйымдардың талаптары бойынша;

3) дәріханашілік дайындамалар түрінде;

4) дәрілік заттарды және дәрілік өсімдік шикізатын өлшеп-орап жүзеге асырылады.

9. Дәрілік препараттарды дайындау кезінде дәріханада дәрілік препараттарды (оның ішінде гомеопатикалық дәрілерді) дайындау кезінде осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға сәйкес ықтимал нормалар шегіндегі ауытқуларға, қышқылдық-сілтілік теңгерім шамасын өлшеу кезінде жіберілетін қателерге жол беріледі.

10. Дәріханада дайындалған дәрілік препараттарды стерильдеу, сақтау және жарамдылық мерзімдері шарттары осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген.

11. Дәрілік препараттар дәріханадан медициналық ұйымдарға тек өкілеттік берілген медициналық персоналға Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхат бойынша беріледі.

12. Асептикалық жағдайларда мынадай стерильдік дәрілік препараттар:

1) жаңа туған нәрестелерге арналған дәрілік препараттар;

2) инъекциялар мен инфузияларға арналған ерітінділер;

3) дене қуыстарына енгізілетін, құрамында микроорганизмдер болмайтын ирригациялық ерітінділер;

4) жаңа туған нәрестелер мен бір жасқа дейінгі балаларға арналған сұйық дәрілік препараттар;

5) құрамында антибиотиктер және микробтарға қарсы басқа да заттар бар, сондай-ақ жараларға және күйген жерлерге жағуға арналған сұйық дәрілік нысан түріндегі препараттар;

6) көзге арналған тамшы дәрілер, шаюға және қоюға арналған офтальмологиялық ерітінділер;

7) қаныққан ерітінділер (оның ішінде гомеопатикалық сұйылтулар);

8) дәріханаішілік дайындамалар түріндегі сұйық дәрілік препараттар дайындалады.

13. Стерильдік дәрілік препараттарды олардың құрамына кіретін дәрілік заттардың химиялық үйлесімділігі, стерильдеу технологиясы мен режімі туралы деректер болмаған кезде дайындауға жол берілмейді.

14. Бір жұмыс орнында құрамында әртүрлі атаулары немесе атауы бір, бірақ түрлі концентрациялардағы дәрілік заттар бар бірнеше стерильдік ерітінділерді бір мезгілде дайындауға жол берілмейді.

15. Инъекциялар мен инфузияларға арналған ерітінділерді дайындаудың жекелеген сатыларын бақылау нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ұсынылатын нысан бойынша инъекциялар мен инфузияларға арналған ерітінділерді дайындаудың жекелеген сатыларын бақылау нәтижелерін тіркеу журналында тіркеледі. Журнал нөмірленуі, тігілуі, дәріхана басшысының қолымен расталуы және дәріхана мөрімен бекітілуі тиіс.

16. Механикалық қоспалардың болмауына стерильдік ерітінділерді бақылау стерильдеуге дейін және одан кейін жүргізіледі.

Дәріханаларда сауыттардағы (бөтелкелердегі) ерітінділер көлемін және олардың тығындалу сапасы тексеріледі.

Қолмен тексерген кезде "қаусырылған" металл қалпақшасы айналуына, сауытты (бөтелкені) төңкерген кезде ерітінді төгілуіне жол берілмейді.

17. Ерітіндісі бар сауыттар тығындалғаннан кейін қақпағына жазу, мөртаңба басу жолымен немесе атауы мен концентрациясы көрсетілген металл жетондарды пайдалана отырып таңбаланады.

18. Ерітінділерді стерильдеу дайындаудың басынан бастап үш сағаттан кешіктірілмей маманның (фармацевтің немесе провизордың) бақылауымен жүргізіледі.

Ерітінділерді қайта стерильдеуге жол берілмейді.

Стерильдеу параметрлерін тіркеу осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы дәрілік заттарды, дайындалған дәрілік препараттарды, қосалқы материалдарды ыдыстарды стерильдеу режімін тіркеу журналында жүргізіледі. Журнал нөмірленеді, тігіледі, дәріхана басшысының қолымен расталады және дәріхана мөрімен бекітіледі.

19. Дәріханада дайындалатын концентраттардың, жартылай фабрикаттардың және дәрілік препараттардың дәріханаішілік дайындамаларының номенклатурасын бақылау-талдау қызметін көрсету туралы шарт жасасқан, аккредиттелген сынақ зертханасы жыл сайын бекітеді. Аталған тізбеге белгіленген жарамдылық мерзімдері, толық химиялық бақылауға арналған талдау әдістемесі бар, құрамында үйлесімді активті және қосалқы заттар бар дәрілік препараттар енгізіледі.

3-тарау. Медициналық бұйымдарды дайындау тәртібі

20. Медициналық бұйымдар мынадай жағдайлар:

1) бұйымдарды дайындаушының берген нұсқаулықтары мен ақпаратына сәйкес оларды мақсатына сай қолданған кезде (пайдаланғанда) олар қауіпсіздікті қамтамасыз етіледі және пациенттердің, пайдаланушылардың және басқа тұлғалардың денсаулық жағдайына қауіп төндірмейді;

2) оларды сақтау және тасымалдау кезінде сипаттамалары сақталады;

3) пациенттерге, пайдаланушыларға және басқа тұлғаларға инфекция жұқтыру қаупін, сондай-ақ бұйымдардың өзара контаминациялануын болдырмайды немесе барынша азайту ескеріле отырып дайындалады.

21. Медициналық бұйымдардың техникалық сипаттамасы мен функционалдық қасиеттері медициналық бұйымның дайындаушы көрсеткен қызмет ету мерзімі кезінде сыртқы факторлардың әсерлерінен нашарламайды және бұйымдарды қалыпты жағдайда дайындаушының пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарына сәйкес пайдаланғанда пациенттердің, пайдаланушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатер төндірмейді.

22. Дәрілік заттарды енгізуге арналған медициналық бұйымдар, медициналық бұйымдардың функционалдық қасиеттері ескеріліп, осы дәрілік заттардың тағайындалуына, қолдану және сақтау шарттарына сәйкес осы дәрілік заттармен үйлесімделеді.

23. Медициналық оптиканы дайындау нақты пациентке жазылып берілген рецептіге сәйкес оптикалық линзаларды өңдеуге арналған станоктарда жүргізіледі.

24. Дайындалған көзілдіріктердің дәлдігін арнайы жабдықта (диоптриметр) клиенттің қатысуымен рецепт деректерімен сәйкестігіне міндетті түрде тексеру жүргізіледі.

Дәрілік препараттарды
және медициналық бұйымдарды
дайындау қағидаларына
1-қосымша

Дәріханаларда дәрілік препараттарды (оның ішінде гомеопатикалық дәрілерді) дайындау кезіндегі рұқсат етілген ауытқу нормалары

1. Ұнтақтарды, оның ішінде ұнтақ дозаторлармен өлшеп-орау кезінде жекелеген дозалар массасында рұқсат етілген ауытқулар бір ұнтақтың жазылып берілген дозасына айқындалады.

Гомеопатиялық тритурацияның жалпы массасындағы ықтимал ауытқулар жазылып берілген тритурация массасына айқындалады.

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %

1	2
0,1-ге дейін	±15
0,1-ден 0,3-ке дейін	±10
0,3 - ден 1-ге дейін	±5
1-ден 10-ға дейін	±3
10-нан 100-ге дейін	±3
100-ден 250-ге дейін	±2
250-ден жоғары	±0,3

2. Гомеопатикалық түйіршіктердің (оның ішінде өлшеп-орау кезінде) жалпы массасында рұқсат етілген ауытқулар, бір қаптама үшін:

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %
1	2
1-ге дейін	±5
1-ден жоғары 100-ге дейін	±3

3. Суппозиторийлер мен пилюльдердің жекелеген дозалары массасындағы рұқсат етілген ауытқулар:

1) таразыға тарту арқылы 10-нан кем емес суппозиторийлердің немесе пилюльдердің орташа салмағын (0,01 г-ға дейінгі дәлдікпен) анықтайды. Кемінде 10 дана дайындалған жағдайда барлық суппозиторийлер өлшенеді.

2) суппозиторийлер мен пилюльдер массасындағы орташа салмақтан ауытқуларды ең төменгі 5 данадан іріктеп алып, әрбір суппозиторий мен пилюльдерді жеке өлшеу арқылы анықтайды.

3) орташа массадан рұқсат етілген ауытқулар:

суппозиторийлер үшін ± 5%-дан;

массасы 0,3 г-ға дейінгі пилюльдер үшін ± 10%-дан;

0,3 г-нан жоғары пилюльдер үшін ± 5%-дан аспайды.

4. Ұнтақтардағы, пилюльдердегі және суппозиторийлердегі жекелеген дәрілік заттардың (ысылап немесе құю тәсілімен дайындау кезінде) жазылып берілген дозалар массасындағы рұқсат етілген ауытқулар осы дәрілік препараттарға кіретін әрбір заттың дозасына төмендегідей анықталады:

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %
1	2
0,02-ге дейін	±20
0,02-ден жоғары 0,05-ке дейін	±15
0,05-тен жоғары 0,2-ге дейін	±10
0,2-ден жоғары 0,3-ке дейін	±8
0,3-тен жоғары 0,5-ке дейін	±6
0,5-тен жоғары 1-ге дейін	±5
1-ден жоғары 2-ге дейін	±4
2-ден жоғары 5-ке дейін	±3

5-тен жоғары 10-ға дейін	±2
10-нан жоғары	±1

5. Масса-көлем тәсілімен дайындау кезіндегі сұйық дәрілік препараттардың жалпы көлеміндегі, сондай-ақ 7, 9 тармақшалардағы рұқсат етілген ауытқулар, концентраттар мен құрғақ заттектерді пайдалану арқылы дайындау кезіндегі сұйық дәрілік препараттар үшін қарастырылғанын ескерген жөн:

Жазылып берілген масса, мл	Ауытқулар, %
1	2
10-ға дейін	±10
10-нан жоғары 20-ға дейін	±8
20-дан жоғары 50-ге дейін	±4
50-ден жоғары 150-ге дейін	±3
150-ден жоғары 200-ге дейін	±2
200-ден жоғары	±1

6. Дәріханаішілік дайындама түрінде дайындалатын инъекцияға арналған ерітінділерді өлшеп-орау кезіндегі рұқсат етілген ауытқулар:

Жазылып берілген масса, мл	Ауытқулар, %
1	2
50-ге дейін	±10
50-ден жоғары	±5

Сұйықтықты өлшеген кезде (және өлшеп-орауда) құйылып ағылудан кейін тамшылап ағуға уақыт беріледі: тұтқыр сұйықтық үшін - бір минут бойы, тұтқыр емес сұйықтық үшін – үш минут бойы.

7. Масса-көлем тәсілімен дайындау кезінде сұйық дәрілік заттардағы жекелеген дәрілік заттар құрамын айқындау кезіндегі рұқсат етілген ауытқулар:

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %
1	2
0,02-ге дейін	±20
0,02-ден жоғары 0,1-ге дейін	±15
0,1-ден жоғары 0,2-ге дейін	±10
0,2-ден жоғары 0,5-ке дейін	±8
0,5-тен жоғары 0,8-ге дейін	±7
0,8-ден жоғары 1-ге дейін	±6
1-ден жоғары 2-ге дейін	±5
2-ден жоғары 5-ке дейін	±4
5-тен жоғары	±3

8. Масса бойынша тәсілмен дайындау кезінде сұйық дәрілік заттар массасындағы рұқсат етілген ауытқулар:

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %
1	2
10-ға дейін	±10

10-нан жоғары 20-ға дейін	±8
20-дан жоғары 50-ге дейін	±5
50-ден жоғары 150-ге дейін	±3
150-ден жоғары 200-ге дейін	±2
200-ден жоғары	±1

9. Салмақ бойынша дайындау кезіндегі сұйық дәрілік препараттар және жақпа майлар құрамына енетін жекелеген дәрілік заттар массасындағы рұқсат етілген ауытқулар:

Жазылып берілген масса, г.	Ауытқулар, %
1	2
0,1-ге дейін	±20
0,1-ден жоғары 0,2-ге дейін	±15
0,2-ден жоғары 0,3-ке дейін	±12
0,3-тен жоғары 0,5-ке дейін	±10
0,5-тен жоғары 0,8-ге дейін	±8
0,8-ден жоғары 1-ге дейін	±7
1-ден жоғары 2-ге дейін	±6
2-ден жоғары 10-ға дейін	±5
10-нан жоғары	±3

Масса немесе масса-көлем тәсілі бойынша дайындау кезіндегі сұйық дәрілік препараттардың, сондай-ақ жақпа майлардың құрамындағы жекелеген дәрілік препараттардың рұқсат етілген ауытқулары пайыз түріндегі концентрациясына емес, сол дәрілік затқа кіретін заттың жазылып берілген массасына осы қосымшаның 7, 9-тармақшаларына сәйкес анықталады.

10 мл 2% поликарпин гидрохлориді ерітіндісін дайындағанда ±10% ауытқуына рұқсат етілетін 0,2 г өлшенген массасы алады. Талдау кезінде кемінде 0,18 г және 0,22 г жоғары емес поликарпин гидрохлориді алынғанын анықтағаны жеткілікті.

10. Жақпа майлардың жалпы массасындағы рұқсат етілген ауытқулар:

Жазылып берілген масса, г	Ауытқулар, %
1	2
5-ке дейін	±15
5-тен жоғары 10-ға дейін	±10
10-нан жоғары 20-ға дейін	±8
20-дан жоғары 30-ға дейін	±7
30-дан жоғары 50-ге дейін	±5
50-ден жоғары 100-ге дейін	±3
100-ден жоғары	±2

11. Концентраттар құрамында дәрілік заттар болған кездегі рұқсат етілген ауытқулар:

20%-ға дейін болғанда белгіленген пайыздан $\pm 2\%$ -дан жоғары емес; 20%-дан жоғары болғанда белгіленген пайыздан $\pm 1\%$ -дан жоғары емес.

Осы тармақта концентраттарда оларды масса-көлем тәсілімен, сонымен қатар масса бойынша тәсілімен дайындағанда концентраттарды (пайыз бойынша) рұқсат етілген ауытқулар көрсетілген.

12. Гомеопатикалық тритурацияларда, сұйық дәрілік заттар ерітінділері мен қоспаларындағы рұқсат етілген ауытқулар:

1) дәрілік зат құрамы 10% болғанда (бастапқы ондық қоспа - Д 1) белгіленген пайыздан $\pm 5\%$ -дан жоғары емес;

2) дәрілік зат құрамы 1% болғанда (екінші ондық қоспа - Д 2) белгіленген пайыздан $\pm 5\%$ -дан жоғары емес;

3) дәрілік зат құрамы 0,1% болғанда (үшінші ондық қоспа - Д 3) белгіленген пайыздан $\pm 10\%$ -дан жоғары емес.

Бұл тармақта концентраттар мен жартылай фабрикаттар түрінде дайындағанда гомеопатикалық тритурацияларда, ерітінділермен сұйық дәрілік препараттар концентрациясынан (пайыз түрінде) рұқсат етілген ауытқулар көрсетілген.

Дәріханаішілік дайындама сериялары түрінде дайындалған, тексерілетін дәрілік препараттардағы рұқсат етілген ауытқуларды анықтау кезінде осы қосымшаның 1-10-тармақтарында, сондай-ақ дәріханада әртүрлі дәрілік препараттарды дайындау мен сапаны бақылауды регламенттейтін нормативтік қолданыстағы құжаттамада келтірілген ауытқу нормаларын пайдалану керек.

Дәріханаішілік дайындама сериялары түрінде дәрілік препараттарды дайындағанда құрамына енетін жекелеген заттар массасындағы рұқсат етілетін ауытқулар осы сериядағы талап етілетін көлемді (немесе массаны) дайындау үшін алынып (препараттың бір жүктемесімен бір сыйымдылықтан), құрамға енгізілген әрбір заттың салмағына айқындалады.

2 л 0,9% натрий хлориді ерітіндісін дайындағанда $\pm 3\%$ ауытқуға ықтимал 18 г құрамға кіретін заттың массасын алады. Химиялық бақылау кезінде кемінде 17,46 г және 18,54 г жоғары емес натрий хлориді алынғанын анықтау жеткілікті.

Дәріханаішілік дайындама түрінде дайындалған және тексеру үшін дәріханадан алынған дәрілік препараттар кіретін жекелеген заттардың салмағындағы ықтимал ауытқулар жоғарыдағы 2 және 3-тармақтарды көрсетілгендей анықталады.

Тексеруге "0,9% натрий хлориді ерітіндісі - 200 мл" жазба бойынша алынған дәрілік препараттарды қараудағы химиялық бақылау кезінде ерітінді құрамында кемінде 1,71 г-нан және 1,89 г-нан аспайтын натрий хлориді бар екенін анықтау жеткілікті (осы қосымшаның 7-тармағына сәйкес $\pm 5\%$ ауытқу).

13. Гомеопатикалық дәріханада дербес жазба бойынша дайындалатын дәрілік препараттарды тексеру кезінде 1-4, 8-10-тармақтарда келтірілген ауытқу нормаларын пайдалану керек.

Дәрілік препараттарды
және медициналық бұйымдарды
дайындау қағидаларына
2-қосымша

Қышқылдық-сілтілік теңгерім шамасын өлшеген кездегі рұқсат етілген нормалары

Өлшеу әдісі	Өлшеу кезіндегі (қышқылдық-сілтілік теңгерімді өлшеуді тазартылған сумен немесе инъекцияға арналған сумен салыстырып жүргізеді) қышқылдық – сілтілік теңгерім бірлігіндегі ең үлкен қателік	
	pH 1 - 2 аралықпен	pH 0,3 - 0,7 аралықпен
1	2	3
Потенциометриялық	0,6	0,05
Индикаторлық қағазбен	1	0,3

Дәрілік препараттарды
және медициналық бұйымдарды
дайындау қағидаларына
3-қосымша

Дәріханада дайындалған дәрілік препараттарды стерильдеу, сақтау жағдайлары және жарамдылық мерзімдері

1. Резеңке тығынмен тұмшаланып жабылып, құрсауланған сауыттар мен бөтелкелердегі стерильді ерітінділер

р/с №	Атауы	Құрамы	Тәулік бойынша сақтау мерзімі тәулікпен 25оС-тен жоғары емес то-да	Сақтау шарттары	Стерильдеу режимі (температурасы, уақыты)
1	2	3	4	5	6
1. Инъекция мен инфузияға арналған ерітінділер					
1	25%; 50% Анальгин ерітіндісі	Анальгин 250 г; 500 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°С – 8 мин.
2	1% Апоморфин гидрохлорид ерітіндісі	Апоморфин гидрохлориді 10 г Анальгин 0,5 г Цистеин 0,2 г Хлорсутекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М-40 мл Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде, жабылатын шкафта	120°С – 8 мин.

3	0,05%; 0,1%; 1%; 2,5%; 5% Атропин сульфат ерітіндісі	Атропин сульфаты 0,5 г; 1 г; 10 г; 25 г; 50 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде, жабылатын шкафта	120°C – 8 мин.
4	"Ацесоль" ерітіндісі	Натрий ацетаты 2 г Натрий хлориді 5 г Калий хлориді 1 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
5	Инъекцияға арналған су		30		120°C – 8 мин.
6	10% глицерин ерітіндісі	Глицерин (сусызға шаққанда) 100 г Натрий хлориді 9 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
7	5%; 10%; 20%; 25% Глюкоза ерітіндісі	Глюкоза (сусызға шаққанда) 50 г; 100 г; 200 г; 250 г Хлорсутекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М-ден рН 3,0-4,1 Натрий хлориді 0,26 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
8	Калий хлориді 5% глюкозаның 0,5% немесе 1% ерітіндісі	Глюкоза (сусызға шаққанда) 50 г Калий хлориді 5 г немесе 10 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	60		120°C – 8 мин.
9	10% глюкозаның тұзды ерітіндісі	Глюкоза (сусызға шаққанда) 10 г Калий хлориді 2 г Кальций хлориді (сусызға шаққанда) 0,4 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	90		120°C – 8 мин.
10	Глюкозаның цитратты ерітіндісі	Глюкоза (сусызға шаққанда) 22,05 г Лимон қышқылы 7,3 г Натрий цитраты (сусызға шаққанда) 16, 18 г (сулы 22 г) Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
11	0,5%; 1%; 2% Дибазол ерітіндісі	Дибазол 5 г; 10 г; 20 г Хлорсутекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М-10 мл	60-үшін 0,5% және		120°C – 8 мин.

		Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	1 % 30-үшін 2%		
12	0,1%; 0,25%; 0,3% Дикаин ерітіндісі	Дикаин 1 г; 2,5 г; 3 г Хлорсутекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М-10 м Инъекцияға арналған су 1л-ге дейін	30	Жабылатын шкафта	120°C – 8 мин.
13	1%; 2% Дикаин ерітіндісі	Дикаин 10 г; 20 г Натрий тиосульфаты 0,5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	90	Жабылатын шкафта	120°C – 8 мин.
14	1%; 2% Димедрол ерітіндісі	Димедрол 10 г; 20 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
15	"Дисоль" ерітіндісі	Натрий хлориді 6 г Натрий ацетаты 2 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
16	Қан алмастырушы Петров сұйықтығы	Натрий хлориді 15 г Калий хлориді 0,2 г Кальций хлориді 1 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
17	0,5%; 1%; 3%; 5%; 7,5%; 10% Калий хлорид ерітіндісі	Калий хлориді 5 г; 10 г ; 30 г; 50 г; 75 г; 100 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
18	0,25%; 0,5%; 1% глюкозамен немесе натрий хлоридімен калия хлорид ерітіндісі	Калий хлориді 2,5 г; 5 г ; 10 г Глюкоза (сусызға шаққанда) 50 г немесе натрий хлориді 9 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
19	10% Кальций глюконат ерітіндісі	Кальций глюконаты 100 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	7		120°C – 8 мин.
20	0,25%; 0,5%; 1%; 5%; 10% Кальций хлорид ерітіндісі	Кальций хлориді 2,5 г; 5 г; 10 г; 50 г; 100 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
		Натрий хлориді 4,5 г Калий хлориді 2,22 г Магний хлориді (сусызға шаққанда) 0,4 г Кальций глюконаты			

21	№ 1 кардиоплегиялық ерітінді	0 , 3 г Глюкоза (сусызға шакқанда) 1 г Маннит 18 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	6 ай		120°C – 8 мин.
22	№ 3 кардиоплегиялық ерітінді	Натрий хлориді 4,5 г Калий хлориді 1,125 г Магний хлориді (сусызға шакқанда) 3 , 2 3 2 г Кальций глюконаты 0 , 3 г Глюкоза (сусызға шакқанда) 1 г Маннит 19 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	12 ай		120°C – 8 мин.
23	"Квартасоль" ерітіндісі	Н а т р и й гидрокарбонаты 1 г Натрий ацетаты 2,6 г Натрий хлориді 4,75 г Калий хлориді 1,5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	90		120°C – 8 мин.
24	5% Аминокапрон қышқылының ерітіндісі	Аминокапрон қышқылы 50 г Натрий хлориді 9 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
25	5%; 10% Аскорбин қышқылы ерітіндісі	Аскорбин қышқылы 50 г ; 1 0 0 г Н а т р и й гидрокарбонаты 23,85 г ; 4 7 , 7 0 г Сусыз натрий сульфиті 2 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
26	1% Глютамин қышқылының ерітіндісі	Глютамин қышқылы 1 0 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	
27	1% Никотин қышқылының ерітіндісі	Никотин қышқылы 10 г Н а т р и й гидрокарбонаты 7 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	60	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
		Н а т р и й кофеин-бензоаты 100 г ; 200 г Натрий			

28	10%; 20% Кофеин-бензоат ерітіндісі	гидрототығы ерітіндісі 0,1 М-4 мл Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
29	10%; 20%; 25%; 33% Магний сульфат ерітіндісі	Магний сульфаты 100 г; 200 г; 250 г; 330 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
30	0,02%; 1% Метиленді көктің ерітіндісі	Метиленді көк 0,2 г; 10 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
31	15% Натрий бензоат ерітіндісі	Натрий бензоаты 150 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		
32	5%; 10%; 20% Натрий бромиді ерітіндісі	Натрий бромиді 50 г; 100 г; 200 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
33	3%; 4%; 5%; 7% Натрий гидрокарбонаты ерітіндісі	Н а т р и й гидрокарбонаты 30 г; 40 г; 50 г; 70 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
34	3%; 4%; 5%; 7%; 8,4% Натрий гидрокарбонаты ерітіндісі тұрақтандырылған	Н а т р и й гидрокарбонаты 30 г; 40 г; 50 г; 70 г; 84 г Трилон Б 0,1 г (3-5% ерітінді үшін) 0,2 г (7-8, 4% ерітінді үшін) Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
35	4%; 5%; 6% натрий ерітіндісі гидроцитрат	Натрий гидроцитриты 40 г; 50 г; 60 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
36	5%; 10%; 20% Натрий йодиді ерітіндісі	Натрий йодиді 50 г; 100 г; 200 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
37	3% Натрий парааминосалицилаты ерітіндісі	Н а т р и й парааминосалицилаты 30 г Сусыз натрий сульфиті 5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	7	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
		Натрий салицилаты 30 г; 100 г Н а т р и й			

38	Натрий салицилаты ерітіндісі 3%; 10%	метабисульфиті 1 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
39	0,45%; 0,9%; 5,85%; 10% Натрий хлориді ерітіндісі	Натрий хлориді 4,5 г; 9 г; 58,5 г; 100 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	90		120°C – 8 мин.
40	4%; 5% Натрий цитраты ерітіндісі	Натрий цитраты (сусызға шаққанда 40 г; 50 г) Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
41	1%; 2%; 2,5%; 5% Никотинамид ерітіндісі	Никотинамид 10 г; 20 г; 25 г; 50 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
42	0,25%; 0,5%; 1%; 2% Новокаин ерітіндісі	Новокаин 2,5 г; 5 г; 10 г; 20 г Хлорсүтекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М дейін рН 3,8-4,5 Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
43	2%; 5%; 10% Новокаин ерітіндісі	Новокаин 20 г; 50 г; 100 г Хлорсүтекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М 4 мл; 6 мл; 8 мл Натрий тиосульфаты 0,5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	90	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
44	5% ; 10% Норсульфазол-натрий ерітіндісі	Норсульфазол-натриі (құрғақ затқа шаққанда) 50 г; 100 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	5%-30 10%-10	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
45	2% Папаверин гидрохлориды ерітіндісі	Папаверин гидрохлориды 20 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
46	Рингер ерітіндісі	Натрий хлориді 9 г Калий хлориді 0,2 г Кальций хлориді 0,2 г Н а т р и й гидрокарбонаты 0,2 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
		Натрий хлориді 5,26 г Натрий ацетаты (сусызға шаққанда) 4,10			

47	Рингер-ацетат ерітіндісі	г Кальций хлориді (сусызға шаққанда) 0,28 г Магний хлориді (сусызға шаққанда) 0,14 г Калий хлориді 0,37 г Хлорсутекті қышқылдың сұйытылған ерітіндісі (8%) 0,2 мл Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
48	Рингер-Локк ерітіндісі (препаратты жеке дайындалған және стерильденген ерітінділердің теңдей көлемін араластыру арқылы алады олардың бірі натрий гидрокарбонаты ерітіндісі, екіншісі тұздары бар глюкоза)	Натрий хлориді 9 г Калий хлориді 0,2 г Кальций хлориді 0,2 г Н а т р и й гидрокарбонаты 0,2 г Глюкоза (сусызға шаққанда) 1 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	Ө р ерітіндінің сақтау мерзімі 30 тәулік		120°C – 8 мин.
49	0,5% Эванс көгінің ерітіндісі	Эванс көгі (сусызға шаққанда) 5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
50	0,5%; 1% Спазмолитин ерітіндісі	Спазмолитин 5 г; 10 г Хлорсутекті қышқылдың ерітіндісі 0,1 М - 20 мл Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
51	5%; 10% Ерігіш стрептоцид ерітіндісі	Ерігіш стрептоцид (сусызға шаққанда) 50 г ; 100 г Натрий тиосульфаты 1 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
52	0,25%; 0,5%; 1%; 2%; 5% Тримекаин ерітіндісі	Тримекаин (сусызға шаққанда) 2,5 г; 5 г; 10 г; 20 г; 50 г Натрий хлориді 8,5 г; 8 г; 7 г; 5 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде 5% Тримекаин ерітіндісін изотоникаламайды	120°C – 8 мин.
53	"Трисоль" ерітіндісі	Калий хлориді 1 г Натрий хлориді 5 г Н а т р и й	30		120°C – 8 мин.

		гидрокарбонаты 4 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін			
54	0,9% Натрий хлоридімен 0,1% ерігіш фурагин ерітіндісі	10% ерігіш фурагиннің ерітіндісі 90% натрий хлоридімен - 10 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	7	Жарықтан қорғалған жерде	100°C – 30 мин.
55	"Хлосоль" ерітіндісі	Калий хлориді 1,5 г Натрий хлориді 4,75 г Натрий ацетаты 3,6 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30		120°C – 8 мин.
56	10%; 20% Этазол-натрий	Этазол-натрий (күрғақ затқа шаққанда) 100 г; 2 0 0 г Натрий сульфиті (сусыз) 3,5 г Натрий гидроцитраты 1 г ; 2 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	180	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
57	2%; 3%; 5% Эфедрин гидрохлориді	Эфедрин гидрохлориді 20 г; 30 г; 50 г Инъекцияға арналған су 1 л-ге дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.

Стерильдеудің қанығу уақыты 100 миллилитрге дейінгі көлемдегі ерітінділер үшін көрсетіледі. Ерітінді көлемі артқан сайын стерильдеу уақытын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік фармакопөясының "Стерильдеу" бабына сәйкес арттырады.

2. Стерильденгеннен басқа ерітінділер

1	2	3	4	5	6
58	50% Глюкозаның ерітіндісі (интраамнеальді енгізуге арналған)	Глюкоза (сусызға шаққанда) 500 г Тазартылған су 1 л дейін	90		120°C – 8 мин.
59	2% Бор қышқылының ерітіндісі	Бор қышқылы 20 г Тазартылған су 1 л дейін	30		120°C – 8 мин.
60	0,7% Метилурацил қышқылы	Метилурацил 7 г Тазартылған су 1 л дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.
61	20% Натрий тетрабораты глицеріндегі ерітіндісі	Натрий тетрабораты 20 г Глицерин 80 г	30		120°C – 8 мин.
62	20% Натрия хлорид ерітіндісі (интраамнеальді енгізуге арналған)	Натрий хлориді 200 г Тазартылған су 1 л дейін	90		120°C – 8 мин.
63		Фурациллин 0,1 г; 0,2 г Натрий хлориді 9 г	30		120°C – 8 мин.

	0,01%; 0,02% Фурацилин ерітіндісі	Тазартылған су 1 л дейін		Жарықтан қорғалған жерде	
64	0,02%; 0,05% Хлоргексидин биглюконаты	Хлоргексидин биглюконаты 20% - 1 мл; 2,5 мл Тазартылған су 1 л дейін	90		120°C – 8 мин.
65	0,1% Этакридин лактаты	Этакридин лактаты 1 г Тазартылған су 1 л дейін	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.

2. Көзге арналған тамшылар, шаюға арналған офтальмологиялық ерітінділер, көзге арналған тамшыларды дайындауға арналған концентрацияланған ерітінділер

р/с №	Дәрілік препараттың атауы мен құрамы	Жарамдылық мерзімі тәулікпен t кезінде		Сақтау шарттары	Стерильдеу режимі (температурасы, уақыты)	Ескертпе
		25°C - тен жоғары емес	3-5° C			
1	2	3	4	5	6	7
1. Көз тамшылары						
1	2% Амидопирин ерітіндісі Құрамы: Амидопирин 0,2 г Натрий хлориді 0,06 г Тазартылған су 10 мл дейін	30	30	Жарықтан қорғалған жерде	120°C – 8 мин.	
